

Докторант Ерболат Ержанұлы Қайнардың 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері» атты диссертациясы туралы ресми рецензенттің

## СЫН ШІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылымдармен және жалпы мем лекеттік бағдарламалармен ғылыми мен техниканың даму және практикалық сұраныстармен байланысы.**

Қылмыстық-атқару жүйесі үлкен өзгерістерді керек етеді. Оны гуманизациялау тәрпында электрондық білезіктерді жасау, оны ғарыш арқылы қадағалау мәселелері осының қатарында. Десек те, осы салада әлі күнге зерттей түсуді қажет ететін, көп қабаттары ашылмай жатқан өзекті тұстар да баршылық. Мәселен, пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыс, оның айналасына тигізетін кері әсері, бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі әкімшіліктің сотталғандармен заңсыз қарым-қатнас жасауы, сыбайлас жемқорлыққа баруы, белгілі бір қаражат өтемдерін алуы жеке объект ретінде қарастырылмай келеді. Осыны Е.Е. Қайнар ортадан ойып алып тұрып зерделеуге талаптанады. Онысы ұтымды шыққан. Басқасын былай қойғанда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі осы мәселеге бейжай қарамай, әлеуметтік-саяси кеңістікте, қайта-қайта қозғап, көтеріп, бұл жөнінде келелі ұсыныстар талап етуі бұл тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Бұл күрмеуі қиын мәселені ғылыми негізге түсіру үшін дәйектер мен дәлелдер жинап, қорытындылар мен ұсыныстар жариялау ғана емес, оның қаншалықты құндылығын, бүгінгі күн тұрғысынан қарап, түсіндіру, мамандарға, халыққа жеткізу де мақсат етіледі. Осы тұрғыдан келгенде докторант Ерболат Ержанұлы Қайнардың қылмыстық атқару жүйесіндегі қылмыстарға қарсы қылмыстық-құқықтық құралдармен пәрменді күрес проблемасының жеткіліксіз әзірленгенін атап көрсетіп, оларды нақты фактілермен көрсетуге талпынуы - құптарлық жайт. Еліміздің қазіргі даму кезеңіндегі сыртқы саясатымызда да заң мен құқыққа мойынұсынатын Еуразиялық қоғамдастықтың толық мүшесі болу мәселесі алға қойылып отыр. Олай болса, Е.Е. Қайнардың зерттеу материалдары кемшін қалған заңды жетілдіру бағытына да оңтайлы болар еді деген ой келеді. пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстарды зерттеу бұған дейін, негізінен, қылмыстықпен бірге, өзге де құқық қорғау органдарының жүргізу аясындағы деңгейде болып келді. Ал докторант Е. Қайнар зерттеу нысанын кешенді түрде қарастырып, диахрониялық даму жолын үзбеуге тырысады. Ол үшін ізденуші зерттеушілердің еңбектерін тұжырымдай келіп, төрт тұрғыдан өз ұсынымдарын айтады (диссертацияның кіріспе бөлімі, 9-10-беттер).

Зерттеуші өзіне дейінгі осы нысан туралы пікірлерді салғастыра келіп, қылмыстық атқару жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстың өзіндік қырынан келеді де, криминологиялық сипаттарын, ерекшелігін белгілейді. Ұйымдасқан қылмыс мүшелерін дәреже-деңгейіне қарай анықтама береді.

Е.Е. Қайнардың қаралып отырған жұмысы сот жүйесі, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, қылмыстық атқару құқығы сияқты ғылымдар мен ғылым салаларымен өзектесіп отырады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мәселесі туралы көп айтуға болады. Біз негізгі деген тұстарын көрсете кетейік. Біріншіден, диссертациялық еңбек мемлекеттік тілде еркін оқылады. Зерттеуші жатық тілмен нысанға алған мәселесін түбегейлі түсіндіруге ұмтылған. Екіншіден, мұны өзекті мәселені қараған деу аздық етеді, мәселе түп тереңде қылмыстық атқару жүйесіне жаңа көзқарас тұрғысында келуде жатыр. Теолог туралы ұсынысы осының жарқын көрсеткіші. Зерттеуші осыны ыждағаттылықпен қарастыруды мақсат қылған.

**2. “Ғылыми дәрежелер беру ережесінің” 8,10- баптарының диссертацияға қойылатын талаптарына ғылыми нәтижелердің сай болуы.**

Заң ғылымы әдебиеттеріне қарап отырсақ, пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстың құқықтың «еркіндіктегі» басқа саларымен ұқсас құбылыстар болғанмен, автор бұлардың өзіндік ерекшеліктері болатынын дәлелдейді. Зерттеуші бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстың табиғатына үніле отыра, қылмыстық және қылмыстанулық \* (криминологиялық) қырларын айқын айғақтармен дәлелдейді. Ол үшін зерттеуші бұл саланың нысанасы мен реттеу әдістерін, дереккөздері мен құқық жүйесіндегі орнын ашады. Осы тұстағы бір бағалы жайт – автордың пенитенциарлық жүйедегі қылмыстың отандық өзге заңнамалармен салыстара отыра, өз тарапынан өзекті мән қосуы.

Диссертант жұмысындағы мынадай ғылыми нәтижелерді бөліп көрсетуге болады:

**Бірінші нәтиже** пенитенциарлық жүйедегі қылмыстарға байланысты туындайтын мәселелердің бір өзегі дәуір талабы мен уақыт нақышына сәйкес бұл жүйеге штаттық негізде дінтанушыны енгізу болып табылады. Рсы мәселені автор былайша пайымдайды: «ҚР ІІМ 2014 жылғы 13 тамыздағы №508 «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» бұйрығының 3-бөлімі бойынша, «Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы» ережесіне толықтырулар енгізіп, мекемелерде сотталғандармен жұмыс жасайтын теолог штатын енгізу».

**Екінші нәтиже** кодекс баптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жасаудан тұрады. Нақтылай айтқанда автор қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру» қарастырылатын 11-тарау 307-баптың 1-бөлімінің мәтіні: «Ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру немесе пенитенциарлық мекемелерінде құмар ойындардың түрлерін ойнау, ұйымдастыру не Қазақстан

Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыру» сөздерімен толықтырылудың қажеттігін айтады. Бұл нәтиже негізсіз емес.

**Үшінші нәтиже** жазаны өтеу орындарындағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу және қылмыстық орта түсінігінің таралуының алдын алу мен жою мақсатында ҚР ІІМ 2014 жылғы 13 тамыздағы №508 «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» ережелеріне бас бостандығынан айыру орындарында жедел араласу үшін қажетті **«Жедел жасақ» құру ережесімен толықтырылу** негізделеді. Аталған нәтиже қисынсыз емес.

**Төртінші нәтижедегі** қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу белгілерін, қылмыстық ортаның түсініктерін жою және олармен күресу мақсатында қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Сот төрелігі және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың» 17-тарауына «Бас бостандығынан айыру мекемелерінде қылмыстық орта субмәдениетінің түсінігін тарату немесе еліктеуге шақыру» бойынша жаңа бап қосу, оның мәтіні былайша көрініс табуы қажет: «1. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде қылмыстық ортаның қағидаларын ұстану, сол сияқты басқа да сотталғандарға қылмыстық ортаның субмәдениетін ұстануға шақыру және бас бостандығынан айыру мекемесінде өзін қылмыстық ортаның беделдісі ретінде ұстану мен басқаларды өзіне бағындыру, оларды құқық бұзушылықтар жасауға шақыру - бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады; 2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» дейтін пайымы да иландырады.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Е.Е. Қайнардың диссертациялық еңбегінде алынған әр нәтиженің, түйіндер мен қорытындылардың қай-қайсы болсын соны түрде дәйектеліп, негізделеді.

Пенитенциарлық мекемелердегі ұйымдасқан қылмысқа қарсы құқықтық саясаттың теориясы мен компоненттік талдау әдісін тарихи, салыстырмалы жолға түсіруге нақты талпыныстар жасалған. Осы мақсатты орындау үшін тәжірибелік органдардан сауалнамалық зерделеулер жүргізген. Диссертацияда қылмыстық атқару жүйесіндегі қылмыстарды айқындауда орындалатын төрт нақты тұжырым белгіленген.

Е.Е. Қайнар ненитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыс нысандарын жекелей талдап барып, заң ғылымындағы ортақ заңдылықтарға көз жеткізіп отырады. Зерттеушінің бұл ретте ұстаған бағдары – санның сапаға көшетіні туралы диалектикалық принцип. Диссертацияда құқық қорғау, соның ішінде ішкі істер органдарының қызметі тиісінше қамтылып, заңның жеке саласы тұрғыдан түгенделген.

Автор еңбегінің өн бойында дерексізді дәйектеп, жалпыны нақтылауға ұмтылып отырады. Бұл тұста оған формальды-логикалық, нақтылы-тарихи, салыстырмалы құқықтық, құрылымдық-функциональдық зерттеу әдістері көмекке келген. Сонымен қатар айта кетрлігі, зерттеуші бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмысқа қатысушылардың материалдық, рәсімдік жағына ғана емес, кәсіптік жағына да назар аударып, бұлар өзара тән екендігінің дәлелдейді.

Е.Е. Қайнардың зерттеуден алған нәтижелерінің, қолданған әдіс-тәсілдерінің дәйектілігін қолдай түсуге мәнділік пікіріміздің өзегі осымен өлшенеді.

Ізденушінің диссертациялық зерттеуде жасалған әрбір нәтижесінің, ғылыми ережелерінің, түйіндері мен қорытындыларының негізділік және дәйектілік дәрежесі.

**1-нәтиженің негізделуі мен шынайылығы** тәжірибеде аталған ұйымдасқан қылмысты саралау барысында, оның қоғам үшін қауіпті белгілерге сәйкес, теолог секілді тұлғаның қажеттігін қарастырғанынан көрінеді. Тұжырымдары мен қорытындылары негізді де шынайы.

**2-нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі** Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыруды жетілдіру бойынша ұсыныстарды ой-сана сүзгісінен өткізіп, тұжырымдауынан байқалады.

**3-нәтиженің негізділігі мен шынайылығы** жабық орындарда қылмыстың жасалуына жол беретін себептер мен жағдайлар бойынша, қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тәсілдерді қолдануды арттыру мақсатында және осы қылмысты болдырмаудың немесе алдын алу шаралары өңделіп оларға қатысты ұсыныс-тұжырымдар беру ерекшеліктерін жан-жақты талдауынан алған тұжырымдар екендігінде.

**4-нәтиженің негізділігі мен шынайылығы** Қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу белгілерін, қылмыстық ортаның түсініктерін жою және олармен күресу мақсатында заңнамалық тұрғыдан жетілдіру жолдарын қарастыруымен байыпталады.

**4. Іденушінің диссертацияда жасаған әрбір ғылыми нәтижесі, түйіні мен қорытындысының жаңалықтық дәрежесі.**

Зерттеу жұмысының нәтижелері жаңалығымен, тың тұжырымдарға негізделгендігімен айқындалады. Ізденушінің диссертациядан алған ғылыми нәтижелері, түйіндері мен қорытындыларында ғылыми жаңалық баршылық.

1-нәтиженің жаңалығы қазіргі қоғамдағы діни ахуалға сәйкес, оның өзектілігін байқап, саралануынан көрінеді.

2-нәтиженің жаңалық дәрежесі белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыруды жетілдіру керектігін қарастырғаннан байқалады.

3-нәтиженің жаңалығы жазаны өтеу орындарындағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу және қылмыстық орта түсінігінің таралуының

алдын алу мен жою мақсатында керекті заңнамаға ұсыныстар жасауында жатыр.

4-нәтиженің жаңалығы Қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу белгілерін, қылмыстық ортаның түсініктерін жою және олармен күресу мақсатында қолданыстағы Қылмыстық кодекстің өзгертулер мен толықтырулар енгізуден көрінеді.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі тұтастығына баға.**

Е.Е. Қайнардың диссертациялық зерттеуінен алынған нәтижелер – ішкі бірліктері жағынан қарағанда бір ізді, логикалық жағынан қисынды және объективті түрде зерттеу барысынан келіп шығатын нәтижелер.

Зерттеудің композициялық құрылысы зерттеушінің алдына қойған мақсат-міндеттеріне сай құрылған.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде отандық пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігі қарастырылған. Ұйымдасқан қылмыстылықтың құрылымдық элементтері мен ұйымдасқан қылмыстық топ көшбасшылары және мүшелеріне қатысты криминологиялық мінездемелері берілген.

Міне, осы тұрғыны белгілеп алған соң, екінші бөлімде зерттеуші Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйесі мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың көшбасшылары мен мүшелеріне қатысты салыстырмалы тарихи талдау жұмыстарын жүргізген. Пенитенциарлық мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топ көшбасшылары мен мүшелерінің, олардың қылмыстық субмәдениетінің өзгеріске ұшырауы бойынша бағалау жасалған. Осыған байланысты құқықтың басқа саларын қозғалысқа түсіреді, соның барысында автордың талдаулары түйінделіп, біріге түседі.

Қандай да бір заңды құбылыстың ұғымы мен мәнін, құқықтық қатынастардың түрлерінің қыр-сырын ашып алмай келелі ой тую мүмкін емес. Осыны жадында берік ұстанған диссертант III тарауда объективті себеппен пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алу жолдары, болдырмау, күресу жолдарын ой елегінен өткізеді.

Жұмыс соңында берілген қорытындылар (4 қорытынды) алдыңғы зерттеулерден объективті түрде, аналитикалық ойлаудың нәтижесінде келіп шыққан қорытындылар деуге әбден болады. Бұған диссертациялық жұмыстың өзін ғана емес, кіріспе бөлімі мен қорытындыны қарап, оқып шыққан адамның көзі әбден жетер деп ойлаймыз.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің аталмыш мәселенің өзектілігін, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталуы.**

Е.Е. Қайнардың зерттеуі – нәрсіз, ойсыз құр толғаудан ада, заң ғылымын нақты ғылымдарға жақындата түсетін еңбек. Қазір, ақпарат ағыны селдетіп жатқан заманда, заңды зерттеуге нақтылық қажет деп санаймыз. Бұл жұмыстың тағы бір қажеті қазіргі қазақ заңгерлері бір ғана заң ғылымы заңдылықтарын білумен толық маман бола алмайды, сонымен бірге аз дегенде бірнеше халықтың заңын білу жөн деп есептейміз. Осы тұрғыдан

келгенде, Е.Е. Қайнардың диссертациялық зерттеуін оқудың ұтымды материалы ретінде қолдануға әбден болады. Қазір жоғары оқу орнында заң ғылымдарының пәндері, негізінен, сипаттамалық деңгейде жүргізіліп жүр. Осыны дамыта түсу үшін қылмыстық атқару мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстардың қылмыстық-құқықтық және қылмыстанудағы қырлары сияқты арнайы пәндер гуманитарлық мамандықтарда оқитын білім алушылардың бәріне қажет.

Е.Е. Қайнардың зерттеу әдістері заңтану, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық құқық, сот билігі пәндерінен практикалық сабақтар өткізуде оңтайлы әдістемелік негіз бола алады.

#### **7. Диссертацияның негізгі тұжырымдары, нәтижелері, түйіндері және қорытындыларының жарияланымдарда дәйектелуі.**

Е.Е. Қайнар диссертациясының негізгі тұжырымдары, нәтижелері, түйіндері мен қорытындыларының жарияланымдарда дәйектелуін қарап отырсақ, зерттеу барысы айқын бәйнеленеді. Зерттеудің жетістікке бірден жетпегендігі, толайым еңбектің нәтижесінде жазылған диссертация екендігіне көз жеткізесіз. Автордың жарияланымдары 2014-жылдан басталады. Содан бері осы ғылыми мәселеге байланысты 7 мақала жарияланған. Бұл жарияланымдар, сөз жоқ, диссертация мазмұнын толық бейнелейді:

##### **ҚР БҒМ БҒСБК ұсынылған баспалардағы жарияланымдар**

1) «Қазақстан Республикасы Қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстылық және оның белгілерімен күресу жолдарын жетілдіру мәселелері» атты мақаласы «Наука и жизнь» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы №6 (27) 2014 жыл

2) «Қазақстан Республикасының Бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың ықпалы мен қылмыстарының түрлері» мақала Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршы Заң сериясы №2 (74) 2015 жыл

3) «Пенитенциарлық жүйесінің ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудегі рөлі мен туындайтын мәселелері» мақаласы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2015. – №5 (108). журналында жарық көрген.

##### **Шетел баспалардағы жарияланымдар**

4) «Kainar E.E. The problem of combating organized crime in the penal system of Republic of Kazakhstan and other countries» мақаласы JARLE-ASERS Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics(ISSN2068696X-Romania-Scopus). Summer. – 2015. – №2(12) басылымға шыққан.

##### **Халықаралық конференцияларындағы жарияланымдар**

5) «Ұйымдасқан қылмыстылықтың қылмыстық-құқықтық түсінігі» мақала ҚР ИМ Қостанай академиясының «Ғылым» атты ғылыми журналы. N4, 2013 жыл.

6) «Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресуді жетілдірудің маңызы» мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті

«Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының 1 том жинағы

7) «Ұйымдасқан қылмыстық ұйым және қылмыстық қауымдастық» мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының 9 том жинағы

8) «Влияние организованной преступности в местах лишения свободы» мақала Деятельность правоохранительных органов в современных условиях: материалы XIX Международной научно – практической конференции. – Иркутск: ФГКОУ ВПО ВСИ МВД России, 2014 жыл.

9) «Қазақстан Республикасының Пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың жас сотталған азаматтарға тигізетін ықпалын алдын алу мәселелері» мақала Ғылымның дамуындағы жастардың рөлі мен орны: Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы.

10) «Предупреждение организованной преступности в Пенитенциарной системе Республики Казахстан и других зарубежных стран» мақала IV Балтийский юридический форум «Закон и правопорядок в третьем тысячелетии»: Материалы международной научно-практической конференции / Под ред. С.В. Векленко. – Калининград: Калининградский филиал СПбУ МВД России, 2016 жыл.

**8. Аннотацияның диссертация мазмұнымен сәйкестігі**  
Диссертацияның андатпасы зерттеу жұмысының негізгі мазмұнын толық ашады және құрылымына толық сәйкес келеді. Зерттеуші жеткен нәтижелер мен нақты қорытындылары және тұжырымдары андатпада түгел көрініс тапқан.

#### **9. Диссертацияның мазмұны мен безендірілуіндегі кемшіліктер**

1. Диссертациялық жұмыста кейбір терминологиялық олқылықтар орын алған;

2. Грамматикалық қателіктер орын алған;

Аталған ескертулер жұмыстың оң бағасына әсер етпейтінін атап өткен


**10. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертациялық ізденістің жоғарыда аталған жетістіктерін атап көрсете отырып, докторант Е.Е. Қайнардың «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминалогиялық мәселелері» деген диссертациясының толық аяқталған, 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына толық сәйкес келетін және диссертацияны

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
жанындағы 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша заң  
ғылымдарының phd докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация  
қорғайтын диссертациялық кеңесінде қорғауға қарсы емеспін.

Қорыта айтқанда, докторант Е.Е. Қайнардың phd докторы ғылыми  
дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан  
Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан  
қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминалогиялық  
мәселелері» атты диссертациялық жұмысын ҚР Білім және ғылым  
министрлігінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына толық  
жауап беретін, ғылыми-теориялық пікірлері тың да тиянақты, тұжырымдары  
мен түйіндері дәлелді, атқарушылық іс жүргізуді жан-жақты зерттеп,  
тақырыптық өзектілігі мен мазмұнына сай соны қорытындылар жасаған  
еңбек деп бағалаймын және докторант Е.Е. Қайнар осы еңбегі үшін заң  
ғылымдарының phd докторы дәрежесіне лайық деп білемін.

Ресми рецензент  
З.Ғ.К., доцент



Саламатов Е.А.



